

Аль-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Факультет: Философия және саясаттану

Кафедра: Педагогика және білім беру менеджменті

Мамандық: Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану

Тақырыбы:

*Ақиқат құндылығы бойынша сабақ өткізу
әдіс-тәсілдері*

Орындаған: Мамбетниязова А.

Жарылқап У.

Абдуқадір Г.

Қыдырбай А.

Қабылдаған: Әрінова Б.

Шындық туралы

Шындық көзге шұқиды қашаннан да,
Шыбын жаның шындықтан қаша алған ба.
Ар-ақиқат үкімі жасалғанда,
Қолға тұрар ноқтасыз асаулар да.
Қолға тұрар қулар да, зұлымдар да,
Ат жалынан мал тапқан жылымдар да.
Арамзаны, ұрыны жұлып түспей,
Ақиқаттың алмасы суынған ба!
Шындық деген - шымылдық біреулерге,
Қалқа қылып шындықты жүрер пенде.
Шымылдығын шындық кеп жұлып алса,
Шыбыны ұшып, бишара кірер жерге.



Ақиқат

Ақиқат– таным теориясының негізгі категориясы, адам ойының өмір шындығымен сәйкестілігі. Ақиқат — танушы кісінің объектіні дұрыс, дәл бейнелеуі, адам санасынан тыс және тәуелсіз күйінде, өмір сүрген қалпында көрсетуі. Ақиқат категориясы білімнің затқа сәйкес келуін ғана емес, танымдық қызмет тәсілін де сипаттайды. Ақиқат — салыстырмалы, себебі ол ішкі қайшылықта үнемі дамып, толықтырылып, тереңдетіліп, түзетіліп отыратын процесс.

Объективті ақиқат — білімінің
адамға да , адамзатқа да тәуелсіз
мазмұны.



Абсолюттік ақиқат — затты
толық сипаттайтын, таным
дамуында теріске шығарылуы
мүмкін емес мызғымас ілім.



Мен кімін?

Қазіргі сәтте мен қалай
толық өмір сүре
аламын?

Ақиқатты тану сұрақтары

Менің өмірдегі мақсатым
не?

Өзімнің ішкі менімді
қалай тани аламын?

Ақиқатқа қалай қол
жеткізе аламын?

Ақиқатты қалай тани аламыз?

Дүниедегі әрненің өзіне ғана тән сипаты, мәні, бұлжымас хақ заңдылығы бар. Демек осы хақты анық білу білім де, қалғанының барлығы – жалғанды ақиқат деп тану, яғни білу емес – білмеу, ақиқатты білмеу. Жалғанды ақиқат деп тану – өзінің адасқанын білмеу. Бұндай «білім», яғни адасу, неге апаратынын қоғамның бүгінгі ахуалынан пайымдай беріңіз. Тастай қараңғы жердегі қаптаған заттардың әрқайсысын жыға тану мүмкін еместігі сияқты, менің ойымша деумен дүниенің ақиқаты ешқашанда табылмайды.



Ақиқат құндылығы бойынша сабақ өткізу әдіс-тәсілдері

Мерзімі: 04.11.2017ж

Тақырып: Ақиқат- шындықта.

Құндылық: дұрыс іс - әрекет

Қасиеттер: әділдік; шындықты айту;қарапайымдылық;өз-өзіне адал болу;

Мұғалім: Мамбетниязова А. Жарылқап У. Қыдырбай А. Әбдуқадыр Г.

Сынып: 5 сынып

Оқушылар саны: 24



Сабақтың мақсаты:

Студенттерге: Оқушыларды адалдыққа, сенімділікке, өзіне де өзгеге де шындықты айтуға, бойларындағы күш қуат арқылы ақиқат құндылығын ашу

Сабақтың міндеттері:

Білімдік: Кішіпейілділік, шыншылдық, жауапкершілік, қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту

-Дамытушылық: Студенттердің бойына кішіпейілдік, шыншылдық, жауапкершілік, қасиеттерін дамыту.

-Тәрбиелік: Студенттерді кішіпейілділік, шыншылдық, жауапкершілік, қасиеттеріне тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар!
- Мен сіздерді көргеніме қуаныштымын.
- Көңіл-күйлеріңіз қалай?
- Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы «Ақиқат-шындықта».

Тыныштық сәті

Су асты патшалығына ойша саяхат. (Оқушылардан шеңбер құрып отыруды, қолдарын тізесіне немесе үстел үстіне қояды, аяқтарын айқастырмауды өтініз. Арқаларын тік ұстауын қадағалаңыз. Жайлы, баяу музыка қойыңыз).

Мұғалім: Көзіңізді жұмыңыз және бірнеше рет терең тыныстаңыз; денеіңізді босатыңыз. Бірнеше секундтан соң теңіз түбіне саяхат жасаймыз.

Теңіз жағасымен келе жатқаныңызды елестетіңіз. Толқындардың жеңіл шалпылына, шағалалардың шуылына құлақ түріңіз. Жалаң аяқтарыңызбен құмды сезініңіз. Шалғайдан қара нүкте көріп тұрсыз: ол жақындаған кезде дельфин екенін түсіндіңіз. Ол сізді теңіз түбіне алып кету үшін келді. Ол өте әдепті жәндік, сізді шыдамдылықпен күтіп тұр. Жайлап оның арқасына отырыңыз, мықтап ұстап, жолға шығыңыз. Дельфиннің арқасында жайланып отырып, өзіңді қауіпсіз сезіну, су астында жүзу қандай керемет. Жан-жағыңызға қараңыз: мұнда кемпірқосақ тәрізді арлы-берлі жарқырай қалқыған әсем балықтар қаншама. Теңіз түбіне бойлаған сайын айнала қалайша өзгереді, суда тербелген қаншама ғажайып балдырлар. Қараңызшы, қандай орасан зор балықтар, ал енді анау жаққа көз тастаңыз... бұл орасан зор сегізаяқ. Су асты- неткен қызықты әрі ғажап әлем. Сіз бір нәрсені байқадыңыз ба? Мұнда неткен тұңғыық, толық тыныштық. Осы тыныштық күйде болыңыз.(Мұғалім бірнеше секунд үнсіз қалады).

Ал қазір жоғарыға, өз әлемімізге кері қайтуға дайындалыңыз. Айналаға жіті қараңыз. Ғажап түстерге тағы бір рет қараңыз және тыныштыққа құлақ түріңіз. Осындай тыныштық сізге самалдай әсер береді. Енді дельфин кері қарай жолға шықты. Сіз су бетіне шықтыңыз, жағаға жақындадыңыз. Дельфиннің арқасынан түсіңіз, оны сипалаңыз және осындай ғажап саяхатқа апарғаны үшін ризашылық білдіріңіз.

Сыныпқа оралыңыз және өз орныңызға келіңіз. Бірнеше секундтан соң көзіңізді ашыңыз, осы түйсінген тыныштықты өз бойыңызда сақтауға тырысыңыз.

Үй тапсырмасын тексеру.
«Адалдық-адамдықтың белгісі»
тақырыбына эссе жазу

Дәйексөз

«ШЫНДЫҚ ШЫРАҒЫ ДАУЫЛ СОҚСА ДА ӨШПЕЙДІ»

Ғ.МҰСТАФИН

Әңгімелеу

«ӨСИЕТ»

ӘКЕСІ ӨЛЕЙІН ДЕП ЖАТЫП БАЛАСЫН ШАҚЫРЫП АЛЫП СОҢҒЫ СӨЗІНДЕ: «БАЛАМ МЕНІҢ БІР ТІЛЕГІМ БАР, ОРЫНДАЙСЫҢ БА?-ДЕПТІ. АЖАЛ АУЗЫНДАҒЫ ӘКЕ ТІЛЕГІН ОРЫНДАМАЙТЫН БАЛА КЕМДЕ-КЕМ, «ОРЫНДАЙМЫН ӘКЕ!»

ЕНДЕШЕ МЕНІҢ АЯҒЫМДАҒЫ НӘСКИІМДІ ШЕШПЕЙ ЖЕРЛЕТ ЖӘНЕ МЫНА ҚАҒАЗДЫ ЖЕРЛЕП БОЛҒАН СОҢ ОҚЫ, ОҒАН ДЕЙІН ОҚЫМА» ДЕПТІ.

ШАЛ ӨЛДІ. ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ БАСТАЛҒАНДА БАЛАСЫ. «ӘКЕМНІҢ СОҢҒЫ СӨЗІ ЕДІ,НӘСКИІМЕН ЖЕРЛЕЙІК»- ДЕП ӨТІНЕДІ. БІРАҚ ШАРИҒАТ ЗАҢЫ БОЙЫНША ҚАЛАЙ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ, СОЛАЙ ЖЕРЛЕНЕДІ АҚЫРЫ. ӘКЕСІН ЖЕР ҚОЙНЫНА ТАПСЫРҒАН ТАПСЫРҒАН ЖІГІТ, ОҢАША ЖЕРГЕ БАРЫП ҚАҒАЗДАҒЫ ЖАЗУДЫ ОҚИДЫ. «БАЛАМ, ӨЗІҢ КӨРГЕНДЕГІДЕЙ МЕН О ДҮНИЕГЕ ЖЫРТЫҚ НӘСКИДЕ АЛЫП КЕТЕ АЛМАДЫМ. ДҮНИЕГЕ КӨП ҚҰНЫҒА БЕРМЕ» ДЕГЕН ЖАЗУ БАР ЕКЕН ӘЛІГІ ҚАҒАЗДА.

СҰРАҚТАР:

АҢЫЗДЫҢ ОЙ ТЕРЕҢДІГІ НЕДЕ?

ӘКЕСІ ҚАНДАЙ ТӘРБИЕ БЕРДІ?

Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс.

1. Оқушылар таратылған смайликтер бойынша 3 топқа бөлініп, ақиқат құндылығын негізге ала отырып сахналайды.
 2. Шындық туралы өлеңді өз ойларымен жалғастыру
 3. Сыныптағы шыншыл баланының суретін салу
- Тапсырма орындау барысында уақыт беріледі және баяу әуен қосылады.

Топпен ән айту

М.Өрісбаев «Өмір сыры»

1)Өмір деген –

Жанымның шуағындай жарқырайды.

Көңіл деген –

Бар кезде шарықтап шалқымайды.

Арман деген –

Жүректің жұбанышы үзілмейтін.

Үміттің серігің ғой көз ілмейтін.

Өмір ғой несіне таң қаласың.

Қ/ы

Бұл дүниені

Жарығым қайта оянып көрер болсам

Өмірге қайта айналып келер болсам

Сезер – ек бақыттың шын бағасын

2)Бақыт деген –

Уақыттың сүйіп өткен ақ самалы

Уақыт деген –

Өзгермес сұрапыл соқса тағы

Ақымақ деген –

Жүректің жұбанышын көз ілмейтін

Үмітің серігім ғой көз ілмейтін.

Өмір ғой несіне таң қаласың

Қ/ы

Үй тапсырмасы

«Еңбек өмір мәні» тақырыбында эссе жазу

Соңғы тыныштық сәті

Соңғы тыныштық сәті.

«Мелодия – Дождь»

Баяу әуен қойылады. Оқушылар денесін, басын тік ұстап, көзін жұмып отырады.

Мұғалім жәй дауыспен:

Әр қайссымыз оң қолымызбен жүрегімізді ұстап көрейік. Өз жүрегіміздің жылылығын сезініп, жүрек жылуымызды адамдарға, айналамызға жеткізу үшін іштей оларға жақсы тілектер тілейік. Жақсы ой ойлайық, жақсы сөз сөйлейік, жақсы іс жасайық! Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді жүректеріңізге түйіп алыңыздар. Рахмет! Көздеріңізді ашуға болады.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**

